

УЛУЧШАЯ УРОВЕНЬ КОНТРОЛЯ НА ВСЕХ ЭТАПАХ ДВИЖЕНИЯ И ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ МЕЖДУ ПОДРАЗДЕЛЕНИЯМИ, МЫ СМОЖЕМ ОПЕРАТИВНО РЕАГИРОВАТЬ НА ЛЮБЫЕ СИТУАЦИИ И ПРИНИМАТЬ МЕРЫ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ НА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ СЕТИ. ВЕДЬ ТОЛЬКО БЛАГОДАря СОВМЕСТНЫМ УСИЛИЯМ МОЖНО ДОСТИЧЬ ВЫСОКИХ СТАНДАРТОВ РАБОТЫ.

Марат ШАКЕНОВ,

директор департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ»



№97 (3027)
15/11/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ҚТЖ РАСШИРЯЕТ ТЕРМИНАЛЬНУЮ СЕТЬ

В Баку в рамках 29-й Конференции ООН об изменении климата состоялось подписание Соглашения о реализации проекта по созданию интермодального грузового терминала в морском порту Алят.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

АО «Қазақстан темір жолы» продолжает развивать свою терминальную сеть за рубежом согласно поручению Главы государства по усилению интеграции Казахстана в действующие международные транспортные маршруты.

Документ подписан руководством SK-AIH Investment Fund Ltd (АО «Самрук-Қазына», Azerbaijan Investment Holding), АО «Қазақстан темір жолы», ЗАО «Бакинский международный морской торговый порт» (Азербайджан), Xi'an Free Trade Port Construction and Operation Co., Ltd (Китай).

Инициатива стала возможной благодаря предоставлению азербайджанской стороной земельного участка, действующих причалов и терминальных мощностей порта Алят. Проект послужит росту объемов контейнерных поездов по маршруту Китай – Европа – Китай через ТМТМ, сокращению сроков доставки, снижению себестоимости перевозок и времени перегруза.

Отметим, новый терминал будет включать универсальную грузовую площадку, крытый складской комплекс площадью 5 000 квадратных



метров и контейнерную площадку вместимостью более 1 000 контейнеров.

Целью данного соглашения является создание интермодального грузового терминала, расположенного в поселке Алят (порт Баку), для увеличения и развития грузоперевалочных мощностей порта. В рамках проекта планируется создание и развитие инфраструктуры интермодального терминала.

По словам генерального директора ЗАО «Бакинский международный морской торговый порт» Талеха Зиядова, основное внимание будет уделено именно контейнерным грузам,

следующим из Китая в Европу и из Центральной Азии в Турцию. И в этом контексте создание совместного нового интермодального грузового терминала на территории порта имеет большое значение.

При этом терминал также будет иметь возможности хранения грузов на современных складах.

По прогнозам спикера, только экспортный потенциал Казахстана по маршруту будет расти с каждым годом, а также объем грузов, следующих из Китая в Европу, также постоянно растет.

Фото автора

СПЕЦИАЛЬНО
ДЛЯ КАЗАХСТАНА



Первый магистральный тепловоз серии ТЭ36А, собранный по заказу АО «НК «ҚТЖ», сошел с конвейера локомотивосборочного завода CRRC в Китае.



В китайском городе Даляне запущено производство локомотивов новой серии по заказу ҚТЖ.

Контракт на поставку 100 маневровых и 100 магистральных локомотивов с корпорацией China Railway Rolling Stock заключен в прошлом году.

Локомотив ТЭ36А рассчитан на работу в суровых погодных условиях – до минус 50 °С. Конструкторы заложили в конструкцию не только высокую морозостойкость, но и защиту от ветра и песка. Тепловоз оснащен мощным, энергосберегающим и экологически чистым дизельным двигателем, разработанным компанией CRRC, и может развивать скорость до 120 километров в час, сообщает CGTN.

– Бортовая компьютерная система обеспечивает высокую скорость реакции на действия машиниста, плавную и безопасную работу основных систем, – сообщил китайской государственной телекомпании конструктор отдела разработки локомотивов компании CRRC в Даляне Ци Сюй. – Кабина машиниста и его помощника также была оптимизирована, операционная система позволяет перевести информацию на дисплеях с китайского на русский с помощью одного щелчка мыши.

Планируется, что первые экземпляры локомотива для проведения эксплуатационных испытаний придут в Казахстан до середины декабря. До 2026 года в нашу страну будет экспортировано более ста единиц новой техники.

Любовь РОББА



Темірбек АҚЧАЛОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаменті Семей телімінің аймақтық бас ревизоры:

Кеңес

ТАСЫМАЛ ҚЫЗМЕТІНЕ ТАЛАП КҮШЕЙЕДІ

Шымкент қаласында Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы-мемлекеттердің теміржол әкімшіліктері уәкілетті өкілдерінің тасымалданып жүретін сақтау саласындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелері бойынша кеңесі өтті. Әзірбайжан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Грузия және Беларусь теміржол әкімшіліктерінің өкілдері қатысқан кеңес жұмысы бірнеше күнге созылды.



Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

Жалпы, Достастыққа қатысушы елдердің талап қою кеңесі жылына 2 рет көктем және күз айларында ұйымдастырылады. Ал мұның алдында Мәскеуде өткен кеңестің бір ерекшелігі сол – басқосуда мамандар тек түпнұсқа құжаттармен ғана жұмыс

істейді. Осылайша, коммерциялық жүк тасымалы мен заң және талап ету бөлімдерінің өкілдері теміржол тасымалындағы жүктерге қатысты талап ету шараларын кенінен, жан-жақты талқылайды.

Шырайлы Шымкентте төрт күнге созылған алқалы жиынға қатысушы өкілдер әрбір елдің қолданыстағы заң талаптары мен нормативтік құқықтық

актілерді, заңдық күші бар қаулы, ережелерді талдап, таразылап, жүк тасымалы қызметіндегі даулы мәселелерді тиімді шешудің жолдарын қарастырды. Соның қатарында уәкілетті органның бекітуінде мемлекетаралық стандарттар негізінде әзірленген «Қазақстан Республикасының теміржол көлігінде электрондық бекіту-пломбалау құрылғысын қолдану қағидалары», «Электрондық пломбаалау құрылғыларына қойылатын техникалық талаптар» жобалары бар. Олар бекітілгеннен кейін жаһандық навигациялық спутниктік жүйелер негізінде онлайн режимде жүктердің жүру бағыты бойынша ілгерілеуін бақылауға мүмкіндік беретін Қытай – Еуропа – Қытай қатынасында контейнерлік тасымалдарда электрондық бекіту-пломбалау құрылғысын қолдану тәртібі белгіленетін болады.

(Жалғасы 2-бетте)

НОВЫЕ ПРОЕКТЫ И ТЕХНОЛОГИИ ЦИФРОВИЗАЦИИ

Цифровые проекты транспортной отрасли представили на Digital Transport Day в инновационном центре ҚТЖ. В мероприятии приняли участие ведущие представители транспортной индустрии, государственных структур и разработчики IT-технологий.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

В ходе мероприятия были продемонстрированы цифровые технологии, которые успешно применяются в сферах железнодорожного, автомобильного, морского и воздушного транспорта.

Так, в ходе выступления вице-министр транспорта Мақсат Калиакпаров рассказал о планах по внедрению ряда нововведений в сфере пассажирских перевозок.

– Мы разрабатываем отдельную программу по предоставлению сервиса для пассажиров. В рамках трехлетней программы с АО «НК «ҚТЖ» предусмотрено множество нововведений – от предоставления Интернета в вагонах до онлайн-мониторинга чистоты. Вагоны будут оснащены камерами в общих

проходах, не затрагивая личные места пассажиров, – сообщил он.

Внедрение программы будет разделено на несколько этапов и продлится до 2027 года. По его словам, также ведется работа над системой мониторинга состояния грузовых поездов. Она будет работать по аналогии с автоматическими системами весового контроля и оснащена арками с более чем 30 датчиками.

– Система, например, зафиксирован трещину на колесе и передаст данные диспетчеру, который сможет оперативно остановить поезд и отцепить поврежденный вагон. В настоящее время такие проверки выполняются вручную, но с внедрением новой технологии необходимость в этих проверках отпадет, – заключил вице-министр транспорта.

В свою очередь и.о. директора филиала дирекции автоматизации и цифровизации АО «НК «ҚТЖ» Мурат Ахметов в своем докладе подробно остановился на взаимодействии с сингапурской компанией PSA по оцифровке процессов таможенного транзита, планах по применению технологии искусственного интеллекта, полученных от компании Huawei, и других проектах.

В ходе мероприятия также был представлен проект Terminal Operating System (TOS), который с 2013 года успешно действует в порту Актау, а уже с 2025 года планируется внедрить в порту Курык. Также участникам мероприятия были представлены планы по цифровому развитию Каспийского сектора и мультимодальных транспортных коридоров.

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ЗА 10 МЕСЯЦЕВ 2024 ГОДА ПОГРУЗКА ЗЕРНА ПО СЕТИ ҚТЖ СОСТАВИЛА

7,8 млн тонн.

ALSTOM ПОСТАВИТ ҚТЖ

117

ЛОКОМОТИВОВ ДО 2028 ГОДА.

20

ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ ОТРАСЛЕВЫХ ВУЗОВ И КОЛЛЕДЖЕЙ ПОВЫСИЛИ КВАЛИФИКАЦИЮ В ҚТЖ.

БІЛІМДЕРІН
АРТТЫРДЫ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Теміржол көлігі персоналдың бағалау және дамыту орталығы» базасында теміржол саласына мамандар дайындайтын бейінді оқу орындарының оқытушылары үшін екі апталық курс өтті.

«Заманауи жылжымалы құрам, диагностика және техникалық қызмет көрсету әдістері» атты біліктілікті арттыру курсына өзекті тақырыптар бойынша теориялық сабақтардан басқа, технологиялық өзгерістер жағдайында заманауи білім беру әдістері мен жұмыс тәжірибесіне қатысты тренингтер өткізілді. Маңызды іс-шара барысында тыңдаушылар елордалық вокзал кешеніне, тасымалдауды басқарудың өңірлік орталығына, Астана станциясының дөңес кешеніне, локомотив және вагонды пайдалану деполарына барып, өндірістің заманауи технологияларымен, жұмыс процесін ұйымдастырумен және мамандарға қойылатын талаптармен танысты.

Оқу курсына еліміздегі 7 бейінді оқу орындарының, атап айтқанда «М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясы» АҚ Ақмола колледжі, А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Шымкент көлік колледжі, Алматы техникалық-экономикалық қатынас жолдары колледжі, М.Тынышпаев атындағы Ақтау көлік колледжі, Алматы логистика және көлік академиясы колледжінің 20 шақты қызметкерлері қатысып, білімін арттырды.

Айта кетейік, ҚТЖ-да теміржол саласына мамандар даярлайтын оқу орындарымен өзара іс-ерекетке ерекше көңіл бөлінген, бұл өз кезегінде тәжірибе алмасу мен оқу процесіне жақаша білім енгізу үшін қолайлы атмосфера қалыптастырып отыр.

Ислам ТАЛІПАТ

ЖАҢА ТЕРМИНАЛ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Маңғыстау облысындағы Құрық портында қуаттылығы жылына 1 млн тонна астық өндіретін жаңа астық терминалы пайдалануға берілді.

Жоба Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленген ҚР теңіз инфрақұрылымын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған Кешенді жоспарын орындау шеңберінде іске асырылуда.

Қазіргі таңда порт аумағындағы «Kaspi Grain Way» жеке компаниясының астық терминалы Қазақстанның түкпір-түкпірінен астық дақылдарын қабылдауға дайын.

Жоба аясында 28 мың тоннаға дейін дәнді дақылдарды біржолғы сақтау мүмкіндігі бар 18 сүрлем салынды. Құбырлардың өнімділігі сағатына 300 тоннаны құрайды. Терминал дәнді дақылдарды Қазақстаннан Иранға, Кавказ өңірі елдеріне және одан әрі экспорттайды. Бүгінгі таңда астық терминалында шамамен 14 мың тонна арпа сақталып тұр. Биыл осы терминалдан Құрық портының №4 айлағы арқылы 3 500 тонна арпаның бірінші жүк партиясы Иранға жөнелтілді.

ВОКЗАЛ КЕҢЕЙТІЛМЕК

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Жолаушы тасымалы қарқынды өсіп отырған бүгінгі таңда ертеректе салынған теміржол вокзалдары тарлық етуде. Соның бірі – Атырау вокзалы.



Вокзал – жолаушы халыққа қажетті барлық қызметті көрсететін орын. Билет алып, аялдап, тынығып, сапар алдында жолға қажетті нәрселерін түгендеп, тамақтанып, басқа да қызмет түрлерін пайдалатын жолаушылар үшін ең алдымен қолайлылық, қызметтердің қолжетімділігі керек. Елімізде жаңадан салынған вокзалдар кемде-кем, басым бөлігі бұрынғы вокзалдар. Атырау теміржол вокзалы 1972 жылы бой көтеріп, 500 орынға лайықтап салынған болатын. Ал бүгінде заман өзгеріп, ішкі-сыртқы миграцияның ұлғаюына байланысты жолаушылар тасқыны арта түсті. Жарты мың адамды жарылқауды көздеген вокзал бүгінгі күні тәулігіне мыңның үстінде адамға қызмет көрсетеді.

Атырау магистральдық желі бөлімшесі, вокзал шаруашылығы бөлімінің бастығы Айбек Қуанышевтің айтуынша, келесі жылы Атырау теміржол вокзалын қайта жаңғырту жұмысы қолға алынбақшы. Оны Атырау облыстық ЖКХ бөлімі жүзеге асыруды көздеп отыр. Жолаушыларға қолайсыздық тудырмау үшін бұрынғы вокзал жұмыс істей береді, соған қапталдастырып жаңадан ғимарат соғып, вокзалды ұзарту көзделіп отыр екен. Бұл әрине жолаушылар үшін жақсы жаңалық.

Суретті түсірген автор

ҚЫСТЫҢ АЛҒАШҚЫ СЫНАҒЫ



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Қарашаның екінші онкүндігінен бастап Семей өңіріне қар мен жаңбыр қатар жауып, одан соң ақ түтек боран соғып, соңы аязға ұласты. Күннің күрт құбылуы жергілікті теміржолшылар үшін таңсық емес, әйтсе де биылғы қыстағы алғашқы емтиханды ойдағыдай өткізуге барын салуда. Алғы шепке қашанғы әдетпен жолшылар шықты. ПЧ-40, ПЧ-39 еңбеккерлері бағыттамалы бұрмалар мен түйіспе жолдарды, желі бойындағы құрылғыларды қатқан мұз бен қардан тазартуға кірісті. Түнгі мезгілде ауа температурасы күрт төмендеп, күн райы құбылмалы болып тұр. Ал «Қазгидромет» РМК синоптиктерінің ел шығысы бойынша биылғы қысқа жасаған болжамы көңіл көншітпейді. Табиғаттың тосын тартуларына даяр болу қажет.

Осы апта Жарма өңірінің теміржолшылары үшін біршама ауыртапшылық әкелді. Жаңғыз-тебе станциясында қарлы боран бос тұрған вагондарды теңселтіп, теміржолшылар тосын жайттың алдын алу үшін бірқатар шараларды қолға алды. Жергілікті

«Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай, қыстың басы бірі ерте, біреуі жай» деп Абай суреттеген «кәрі құда» – қаһарлы қыстың алғашқы сынағы шығысқа келіп жетті. Теміржолшылар жұмысы күшейтіліп, қырағылық арттырылуда.



қозғалысшыларда бұл бағытта мол тәжірибе бар.

Қарашаның 11-нен бастап арнайы қар тазалағыш жол машиналары да жұмысқа кірісті. Әсіресе Риддер, Шемонайка, Күмістау сынды Алтай тауының баурайында, шалғай орын тепкен станцияларда қарқынды жұмыс істеуде. Қазіргі таңда қар түскен кумажолдар мен жол айрықтары тазартылу үстінде. Бұл бағытта ПЧ-37 жолшылары ұйымдасқан түрде күш жұмылдырып жатыр. Желі бойындағы жүк және жолаушы тасымалы бойынша пойыз ағынына кедергі жоқ.

Жалпы, магистраль бойын, бағыттамалы бұрмаларды тазалау және оларды қар мен боран кезінде тиімді пайдалану үшін арнайы техниканың жол машина-

лары бөлімше бойынша ұтымды орналастырылған. Сондықтан негізінен таулы аймақ саналатын Өскемен өңірі бойынша қар тазалау қарқынды жүргізілуде.

Биылғы қатал маусымға даярлық барысында аталмыш техникалардың 13 бірлігі толыққанды әзірленген еді. Сол тәрізді ағымдағы жылы арнайы тепловоздар бекітілетін ФРЭС-2, ЭСО-3 типтегі заманауи қар жинағыштар да сынақтан сәтiмен өткізілген. Сонымен қатар бөлімшедегі СМ-2, СМ-7Н, СМ-5, ПСС-1 сынды қар тазалағыш техникалармен қар жинағыш пойыздардың да тиімділігі зор болмақ.

– Біз күзгі комиссиялық бақылау кезінде қысқа даярлық барысын бірінші кезекте пысықтадық. Қажетті техниканың барлығы

жұмыс жағдайында тұр. Байтақ желі бойындағы қар алып қалуы мүмкін күрделі аумақтар назарда, – дейді бұл орайда Семей ЖТ бөлімшесінің директоры Алмас Селімшесінов.

Айтпақшы, қыстың алғашқы аязды күні тоқсанаралық тексеру жұмысының басталуымен дөп келді. Сол себепті 985 шақырымды құрайтын телимнің бойы тағы бір мәрте сүзгінен өткізілуде. Әуелгі кезекте Жаңа-Семей станциясы тексерілді. Сонын 119 шақырымды қатмитын «Солтүстік тармақ» Семей-Локоть телиміндегі барлық шаруашылықтардың жұмысы қаралуда. Тексеру іс-шаралары екі аптаға созылып, оның нәтижесі бойынша тиісті шешімдер қабылданатын болады.

Суреттерді түсірген автор

ТАСЫМАЛ ҚЫЗМЕТІНЕ ТАЛАП КҮШЕЙЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ үшін тасымалданатын жүктердің сақталуын қамтамасыз ету басты міндет болып қала бермек. Осы мақсатта Ұлттық компания жетекшілері жол карталары мен теміржол көлігіндегі құқыққа қарсы іс-қимылдардың алдын алу, жолын кесу жөніндегі жедел және профилактикалық іс-шаралардың кешенді жоспарларын тұрақты негізде әзірлеп келеді.

Ал өңірлік жүк тасымалдау бөлімшелерінде құқық қорғау органдарымен және Әскерилендірілген теміржол күзетімен жұмысты үйлестіретін алдын алу кеңестері жұмыс істейді. Сондай-ақ жыл бойы әртүрлі жүктердің сақталуын қамтамасыз ету шараларын күшейтуге бағытталған тақырыптық айлықтар өткізіліп тұрады. Контейнерлік пойыздарда жүктердің сақталу деңгейін арттыру үшін ҚТЖ тасымалдау процесі мен күзет іс-шараларын жетілдіру бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде. Атап айтқанда, Қазақстан аумағы бойынша техникалық және технологиялық операцияларды орындау кезінде транзиттік контейнерлік пойыздардың тұрақтау ұзақтығының нормативі белгіленіп, Достық және Алтынкөл станцияларында пойыздарды өңдеуге кететін уақыт қысқартылған. Сонымен қатар, теміржол көлігі кеңесі дирекциясының шеңберіндегі

талап қою жиыны тараптар үшін теміржол көлігінде жүктің қауіпсіздігі мен сақталуы мәселелерін егжей-тегжейлі талқылауға мүмкіндік берді. Өйткені Қытай – Еуропа және Қытай – Ресей сияқты негізгі бағыттар бойынша халықаралық транзиттік тасымалдау көлемі өсіп келе жатқан қазіргідей жағдайда қауіп-қатерлерді азайту және бақылауды күшейту үшін бірлескен шешімдер қабылдау өте маңызды.

– Біз тасымалдау сенімділігін арттыруға және теміржол әкімшіліктері арасындағы өзара әрекеттестікті жақсартуға бағытталған шаралар кешенін талқыладық. Мұндай шаралар ынтымақтастықты нығайтып қана қоймай, барлық қатысушылардың мүдделерін қорғауға да мүмкіндік беретініне сенімдіміз, – дейді жиынға қатысқан «Жүк тасымал» ЖШС-нің маркетинг және жоспарлау жөніндегі директорының орынбасары Саламат Әбжалиев.

ҚТЖ өкілінің айтуынша, бүгінгі таңда станциялық объектілердің инфрақұрылым учаскелерінде бейнекамералар орнатылған. Сондай-ақ магистральдық локомотивтер кабинасы да бейнетіркеліктермен жабдықталған. Мұның бәрі де транзиттік тасымал қызметінде озық технологиялар қолданылуының көрсеткіші болып табылатыны сөзсіз. Сонымен қатар ҚТЖ соңғы кездері коммерциялық ақауларды анықтауға, шекаралық станция-

лардағы ағытпаларды алып тастауға және вагондарды іргелес станцияларға қайтаруға бағытталған «Жылжымалы құрамды есепке алу және бақылау жүйесі» (цифрлық шеңбер) енгізу» жобасын қызу қолға алып, белсенді жүзеге асырып жатыр.

Алқалы жиында баяндама жасаған білікті маман, даулы мәселелерді шешуде тәжірибесі мол менеджер Әлия Медебаева үшінші мегаполисте өткен кеңес жұмысы жемісті болғанын жеткізді.

– Егер тараптар ешқандай да ортақ мәмілеге келе алмаған жағдайда төрелік айтуға орбитр шақырылады. Оған даулы мәселеге айналған жүк тасымалы бағытынан мүлдем тыс қалған және бұл процеске мүлдем қатыспаған елдің өкілі шақырылады. Тараптар құжаттармен қоса, өз ұстанымдарын орбитр бұлүні салдарынан келтірілген зиянды өтеу туралы даулы істерді қарау жөніндегі талап қою жиынында өзара тиімді қарым-қатынас орнатып, тасымал қызметіне қатысты талапты күшейту бағытында ортақ мәмілеге қол жеткізе алды, – деді «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас менеджері Ә.Медебаева.

АБАЙСЫЗДА АРАНДАП ҚАЛАТЫНДАР КӨП...



ҚАУІПСІЗДІК

Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі Қазақстанның үш ірі өңірі аралығында логистикалық қызмет көрсетеді. Солтүстігінде – Қарағанды бөлімшесінің Мойынты станциясымен, Алматы бағытында Отар станциясымен, Шымкент бөлімшесімен Түлкібас станциясы арқылы, ал Түркісіб станциясы арқылы Қырғыз темір жолының Меркі станциясымен шектесетін аумақта қозғалыс өте қарқынды.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Осы аймақта жүк және жолаушы құрамдарының қауіпсіздігін қадағалайтын ҚТЖ Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің Жамбыл учаскесінің жұмысы жайлы өңірдегі бас ревизор Медет Қолдасов мәлімет берді.

– Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жауапкершілігі – теміржолда абсолютті басымдыққа ие. Жамбыл бөлімшесі бойынша біз бақылау жүргізетін теміржолдың толық желісінің ұзындығы – 2162,3, жалпы ұзындығы 1236,3 шақырымды құрайды. Оның ішінде бір жолақты желілер – 340,6, екі жолақты желілер – 895,7 шақы-

рым. Тасымалдау процесінің 93 пайызы Мойынты-Шу-Отар-Тараз-Түлкібас учаскелерінде электровоз тартымы арқылы жүзеге асырылады. Ал Тараз учаскесінен Жаңатас аралығында тепловоз тартымы. Бөлімше құрамындағы ірілі-ұсақты станция мен разведер қызметі жүк тасымалына ашық, Шу ірі сұрыптау станциясы, Тараз, Түркісіб, Сарышаған, Шығанақ, Жаңатас, Қаратау, Аса, Шайқорық, Бурлы, Мыңарал, Бірлік-1 сынды учаскелік және жүк станцияларында қозғалыс қауіпсіздігін сақталуын қатаң қадағалау, әрбір жағдайға зерделеу жұмыстарын жүргіземіз. Башшылыққа алатын негізгі талаптар бар. Бақылау-қадағалау жұмыстары бойынша

нәтижені арттыру мақсатында мониторинг жүргіземіз. Сол арқылы теміржолдағы қауіпті жерлерді анықтаймыз, – деді бас ревизор. Айтуынша, Жамбыл ревизиялық аппараттың ревизорлық нұсқаулар мен нұсқамаларды қолданудың тиімді тәжірибесі сақталған. Бұл ретте «ерте ескерту» индикаторы ретінде қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың ықтимал қатерін алдын ала жою тәсілі өз жемісін беріп отыр деуге болады. Ол өз кезегінде қызметкерлердің жеке жауапкершілігін арттыруға, әр қызметкер мен басшылардың қауіпсіздік нормалары мен ережелерін бұзуына жол бермеуіне ықпал етеді.

Қозғалыс қауіпсіздігін сақтау



дегеніміз – ең алдымен азаматтардың өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғау. Сондай-ақ пойыздардың апатсыз жұмыс істеуіне жағдай жасау, темір жолдарды, жылжымалы құрамды, құрылыстарды, жабдықтарды, механизмдер мен құрылғыларды жарамды күйде ұстауға бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешенімен қамтамасыз ету.

Жыл өткен сайын техника мен технология да, талаптар мен ережелер де жаңарып өзгеріп жатады. Осы бағытта еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты мамандардың білім деңгейін арттыру да маңызды мәселе.

– Жамбыл жол бөлімшесі бойынша білімнің кәсіби деңгейін арттыру үшін жыл сайын қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыруға бағытталған

семинар-кеңестер өткізіліп тұрады. Онда орын алған жағдайлар талқыға салынып, туындаған жағдаяттар кезінде қызметкерлердің іс-әрекеттерінің практикалық дағдылары көрсетіліп, үйретіледі. Мысалы, тамыз айында Тараз, Шу, Сарышаған станцияларында пойыздар қозғалысына байланысты станция қызметкерлері «Далада және полигондарда стандартты емес жағдай туындағанда пойыздарды қабылдау және жөнелту кезіндегі іс-қимылдары» атты практикалық оқу-семинары ұйымдастырылды. Ал шілдеде Түлкібас жол дистанциясының Құмшағал станциясы базасында «Озық тәжірибе мектебі» көрме-сабағы өткізілді. Былтыр Шу жол дистанциясында «Түйіспесіз жолды әртүрлі бекіткіштер арқылы ұстау және жөндеу» тақырыбында семинар-кеңес ұйымдастырылған

болатын. Оған орталық аппарат басшылары мен Жамбыл жол бөлімшесіндегі құрылымдық мекемелердің басшылары, еңбек қауіпсіздігіне жауапты мамандар қатысты, – деп мәлімет берді М.Қолдасов.

Темір жол – қауіптілігі жоғары аймақ. Теміржолшылар тұрғындарға жолдан өту кезінде есте сақтауы тиіс талаптарды, жол бойында мал жаю ережелерін түсіндіріп жіңі рейд өткізеді. Алайда, ай сайын өтетін профилактикалық шараларға қарамастан адамдар қауіп-қатерді ескермейді. Кенеттен шойын жолға адам немесе мал шыға келген кезде көп тонналық құрамды бірден тоқтату мүмкін емес. Сондықтан, өкінішке орай, келеңсіз оқиғалар да жиі орын алып отырады. Бас ревизордың айтуынша, жаяу жүргіншілердің ішімдіктің кесірінен жолға шығып кетіп немесе құлаққап киіп алып, музыка тындап келе жатқанда пойыздың жақын келіп қалғанын байқамай қалып абайсызда арандап қалатындар көп. Мәселенің екінші жағы бар, апаттың алдын алам деп пойызды шұғыл тоқтатқан немесе адам басып кеткен локомотив бригадасының қандай психологиялық жағдайда болатыны көпшілікті ойылдыра бермейтіні өкінішті.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ПЕРСПЕКТИВА СОВМЕСТНЫХ ИНИЦИАТИВ



ФОРУМ

В столице Сербии Белграде состоялся Казахстанско-Сербский бизнес-форум, на котором представители двух стран обсудили перспективы совместных проектов и стратегических инициатив.

Асель ШАЙХИНОВА,
Астана

В ходе форума заместитель генерального директора по коммерции АО «КТЖ Экспресс» Улугбек Оразов презентовал ключевые инициативы компании, направленные на развитие инфраструктуры вдоль Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ).

– В целях укрепления позиции Казахстана на глобальной транспортной системе и создания комплексной логистической цепи на всем протяжении Транскаспийского международного транспортного маршрута мы планомерно развиваем терминальную сеть в ключевых точках поглощения и распределения грузов. Так, в настоящее время группа компаний КТЖ совместно с китайскими партнерами приступила к строительству контейнерного хаба на базе порта Актау, а также к реализации проекта по созданию совместного терминала в городе Алматы.



терминала в городе Алматы.

Мы видим необходимость формирования терминальной сети и в Европейской части Среднего коридора, в связи с чем в дальнейших планах компании также расширение в портах Алят, Констанца и в Будапеште. Реализация этих проектов позволит укрепить транзитный потенциал грузоперевозок и обеспечить полный логистический цикл «от двери до двери» по всему маршруту, – отметил спикер.

Подчеркнем, по итогам 10 месяцев контейнерные перевозки по ТМТМ достигли 46,3 тысячи ДФЭ (рост в 2,6 раза по отношению к 2023 году), включая 27,6 тысячи ДФЭ в направлении из Китая, что в 26 раз превышает прошлогодние объемы.

Данные показатели объемов перевозок подчеркивают стратегическую важность маршрута, который обеспечивает надежное транспортное сообщение между

Востоком и Западом, способствуя росту торговли и инвестиций.

ТМТМ значительно сокращает сроки доставки грузов по сравнению с традиционными морскими путями, делая их в два раза быстрее. На данный момент доставка грузов по маршруту занимает от 15 до 18 суток, что значительно улучшает логистические процессы (например, доставка от станции Алтынколь до Баку – 9 дней, до Потти/Батуми – 12 дней, до Констанцы – 20-22 дня). Для сравнения, в 2022 году сроки доставки составляли от 38 до 53 дней, что свидетельствует о значительном улучшении логистических процессов.

За девять месяцев текущего года объем перевозок по ТМТМ увеличился в 23 раза по сравнению с аналогичным периодом прошлого года, достигнув 24 тысячи ДФЭ. Данный объем уже превысил годовые показатели транзитных перевозок за всю историю существования маршрута.

Согласно прогнозной модели РwC, к 2030 году объем грузопотоков на маршруте ТМТМ увеличится в шесть раз, достигнув 283 тысячи ДФЭ благодаря росту транзита по направлению Китай – Европа – Китай. Это подтверждает огромный потенциал маршрута.

Фото автора

ПОСТАВКИ УГЛЯ – СВОЕВРЕМЕННО



АКТУАЛЬНО

В Восточный Казахстан пришли первые морозы и снегопады, а вместе с ними увеличилось потребление угля. Несмотря на заметное похолодание, на угольных тупиках Усть-Каменогорска нет очередей.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

На ноябрь 2024 года грузоотправитель АО «Каражыра» запланировал погрузку угля коммунально-бытового назначения для потребителей Восточно-Казахстанской области в объеме 84,2 тысячи тонн, в том числе Усть-Каменогорска – 38,7 тысячи тонн.

В Семейском отделении грузовых перевозок рассказали, что они на постоянной основе ведут мониторинг наличия угля на теплоисточниках и тупиках, реализующих уголь населению. По состоянию на 12 ноября на двух тупиках Усть-Каменогорска находилось 1 750 тонн угля для реализации потребителям коммунально-бытового угля. Из них на подъездном пути

ТОО «Сейком», которое находится недалеко от станции Оскемен-1, – 500 тонн, на тупике ТОО «Топливная компания Терминал», рядом со станцией Новоустькаменогорск, – 1 250 тонн. Грузоотправитель АО «Каражыра» своевременно включает в разрядку и выполняет все поступающие подтвержденные заявки на поставку коммунально-бытового угля.

